

*Н. Дүкенбай*

## БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МУЗЫКА ӨНЕРІ

Музыка - өнердің ішіндегі ең ерекше орын алатын өнер. Өнердің ең сезімтал түрі де осы өнер. Адам музыканы тек жан дүниесімен қабылдап сезінеді, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан да балаға музыканы сезіндіру арқылы қабылдатып, музыка өнерінің құдыретін жеткізе аламыз. Өйткені, музыкалық шығарманың басқа өнерден айырмашылығы оның мәнерлілігінде. Сол себептен музыканы балаға жай сөзбен емес, өнер тілімен ғана ұғындырып бере аламыз (А.А.Мелик- Пашиев).

Музыкалық білім берудің қоғамдағы педагогика философиясында әр түрлі пікірлер бар: алғашқылары, музыканы жеке тұлғаның көркемдік, әсемдік, құндылықтың дамуына әсер ететін құрал ретінде қараса, енді біреулері, музыкалық білім беруде жеке тұлғаны ең алдымен музыкалық өз құндылықтарын түсіндіру негізінде тәрбиелеу керек дейді.

Сондықтан да, бүгінгі таңда музыкалық білім процесінде музыканы жалпы қоғамдағы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіншілік туғызатын ерекшелік ретінде қарастырады.

**Музыкалық білім беруді жүзеге асырудағы музыкалық өнердің қызметі.** Сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап музыканың сиқырлы күшіне бөленеді, ол оның ішкі жан-дүниесіне бойлай еніп, әсер етеді.

Музыкамен қарым-қатынас жасау, бір жағынан жеке тұлғаның рухани дамуын, өзіндік өрістеуін жақсартса, екіншіден, музыкалық қызметтің ұжымдық түрі (хормен және ансамбль құрамында ән айту, бірлескен музыкалық ансамбльде ойнау т.б.) оқушылардың музыкалық-шығармашылық қызметінің дамып, қалыптасуын қамтамасыз етеді, оларды музыканы ұжымдық түрде сезініп, жақындастыра түседі.

Музыкалық білім беру жүйесі (тәрбие, оқыту, дамыту) оқушының эстетикалық сезімін, көркемділікті, әсемдікті сезініп, түйсінуді өнермен қоршаған ортаның бір-бірімен үйлесімділігін арқылы эстетикалық ләззат алуына жағдай жасайды.

Музыка өнерінің өзіне тән қоғамдық қызметі бар. Ол қызмет жас ұрпаққа музыкалық тәрбие беріп, оқыту барысында анықталады.

В.Н.Холопова ол қызметтерді былайша жіктеп көрсетеді: коммуникативтік қызмет, ақиқат болымыстың бейнелену қызметі, этикалық, эстетикалық, қағидалық (каноническую), эврис-

тикалық, танымдық-ағартушылық және қоғамдық-өзгертушілік.

Музыкалық білім беруде бұл қызметтер бір жағынан өзге де қоғамдық қызметтермен бірлесе әрекет етсе, екіншіден олардың өзіндік бағыт-бағдарымен ерекшеліктері бар.

**Коммуникативтік қызметі.** Д.Д.Шостаковичтің сөзімен айтқанда: «Суреткер бір адамның ішкі сезімін миллиондаған адамға жеткізе алады және де бүкіл адамзаттың жан дүниесін бір адам ашып бере алады». Бұдан музыканың коммуникативтік қызметі мүмкіншілігінің жоғары деңгейін көреміз. Өкінішке орай, осы қызметтің бар мүмкіншілігі педагогикалық практикада толық қолданылмай келеді (В.Н.Холопова).

**Ақиқат болмыстың бейнелеу қызметі.** В.Н.Холопова музыкадағы ақиқат болымысты бейнелеу қызметінің үш аспектісін ашып көрсетеді: идеялардың бейнелеуі, сезімнің бейнелеуі, заттар әлемінің бейнелеуі.

Білім беру процесінде бұлардың барлығы біртұтас мазмұнда көрінеді. Әсіресе, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, музыка сабақтарында өнердегі ақиқат болымысты бейнелеу қызметіне ерекше көңіл бөлініп, түсіндіріледі.

Бастауыш сыныптардағы оқушылар ең алдымен музыкада бейнеленген адамның ішкі сезімін және өздерін қоршаған ортаның бейнесін сезуі керек. Ал жоғарғы сыныптарда музыкадағы көркемдік идеялардың бейнелеуін ашып көрсетуі тиіс.

**Этикалық қызметі.** Бұны А.С.Пушкин мына бір қанатты сөзінен көреміз: «... ақындық асқақ шабытпен, оятатын әсем сезімді». Бұл сөзді музыкант – педагогтар: «Әсемдік жақсылықты туғызады», - деп қоштайды. Музыканың этикалық қызметін осыдан-ақ байқаймыз.

**Эстетикалық қызметі.** В.Н.Холопова музыканың эстетикалық қызметін «әдемілік» және «үйлесімділік» категорияларын түсіндіреді. Оның айтуынша: «Әсемдік, әдемілік, үйлесімділік әрдайым музыкалық туындының ең басты көрсеткіштері болып келеді».

А.Г.Бутниктің зерттеуінше, музыка өнеріндегі эстетикалық қатынасқа жататындар: эстетикалық қабылдау, сезіне білу және бағалау. Автордың айтуынша, бұл қатынастар музыкалық өнердің ерекшеліктеріне байланысты айқындалады. Зертейшінің пікірінше, эстетикалық

қатынастың басты белгілеріне: музыкалық кемелділікті әсемдік көзқарасы тұрғысында бағалау; әр жанрдағы туындыларды қанағаттанарлық сезімде қабылдау; қабылдаудың әржақтылығы; сезімнің нақтылығы; музыкалық туындылардың мазмұнына бағалаудың сәйкестігі жатады.

**Канондық және эвристикалық қызметі.** В.Н.Холопова өнердің канондық және эвристикалық қызметтерін сипаттай отырып, оларды бір-біріне қарама-қарсы диалектикалық жұп деп қарастырады. Канондықты мәдени сабақтастық, ал эвристикалық дәстүр жалғастығы, яғни мәдени дәстүрдің сабақтастығы мен жанашылдығы ретінде бағалайды. Сондықтан да әрбір музыкалық туындыны оқытқан кезде оның тарихилық принципі сақталу керек.

**Қоғамдық - өзгертушілік қызметі.** В.Н.Холопованың ұсынысы бойынша, музыка өнерінің қоғамдық - өзгертушілік қызметі оның басқа қызметтерімен тұтастай, бірлікте әрекет етеді.

**Тұлғалық - өзгертушілік қызметі.** Музыка өнерінің тұлғалық - өзгертушілік қызметін мынадан көрінеді: оқышының қандай музыкалық шығармашылықпен айналысқанына қарамастан, оның шығармашылық мінезінің қалыптасуына ықпал етіп, тұлға ретінде дамытады. Музыкамен шұғылдана отырып оқушы сезімдік, ерік-жігерлік, интеллектуалдық қасиеттерді бойына жинайды, мінез-құлқында өзгерістер жүреді.

**Қазіргі әлеуметтік-мәдени білім беру жүйесіндегі музыкалық өнердің орны.** Социолог мамандардың зертеуінше, қазіргі таңда музыкаға деген сұраныс жастар арасында алдыңғы қатарда тұр. Бірақ та, мына мәселеге көңіл бөлу керек: поп музыкалар кең қанат жаюға, ал, классикалық, халықтық үлгідегі шығармалар аз сұранысқа ие болып отыр.

Сондықтан да музыка мұғаліміне қойылатын талап та жоғары:

**Біріншіден,** оқушыларды алғашқы сабақтан, бірінші сыныптан бастап отандық және әлемдік музыка мәдениетімен таныстырып, осы құндылықтарды олардың бойына, эстетикалық ләззатану арқылы музыкалық ой-өрісін кеңейте отырып тәрбиелеп, оқыту керек.

**Екіншіден,** мұғалімнің өзі де поп музыкалардың ең озық үлгілерінің жанрлық, стильдік бағыттарын зерттеп, сабақта халықтық, классикалық музыкалармен бірге салыстырып оқушыларға түсіндіре білуі керек.

Адамзат техникалық ойлауға көшіп отырған ХХІ ғасырда, көркемдік ойлау жүйесін дамытуға деген сұраныс өзінен-өзі туындайды. Өйткені адамдық негізінің ең басты критерийінің өзі –

көркемдік ойлау, көркемдік түйсіну, қабылдау екені ақиқат. Сондықтан да, адамды көркемдік, әсемдікке бауылып, айналадағы дүниені, құбылысты көркемдік ойлау арқылы таныстыратын өнер – музыка өнері.

Кез-келген адам, соның ішінде жас сәби музыканы өзінше сезініп, қабылдайды. «Мектептегі музыканың ерекшелігі, тек бір өнер саласымен шектелмейді, - дейді Д.Б.Кабалевский, - Сондай-ақ, әдебиет пен бейнелеу өнері сияқты музыка өнері де оқушының тәрбиесі мен біліміне әсер етіп, жан-жақты қалыптастырады, рухани әлемін кеңейтеді».

Музыканың негізгі мазмұнын құрайтын – сұлулық, ал сұлулық-қуаныштың, шаттықтың белгісі.

Музыканың адам көңіл-күйін жақсартып, тұлғалық дамуындағы сезімдік ой-өрісін дамытып, күш-жігеріне әсер етіп, бүтіндей жандүниесін ретке келтіретін арттерапевтік қасиетін де жоққа шығаруға болмайды.

Музыкалық психотерапияның табиғатын әр түрлі мектептер мен бағыттардың негізінде талдап, зерттеген В.И.Петрушин музыканы психотерапевтік мақсатта қолданудың төмендегідей мүмкіндіктерін көрсетеді:

- емханалық органы әсемдік пен үйлесімділікке бөлеу;
- коммуникативтік (қатынас) актілерінің дамуына жағдай жасау;
- шығармашылық елес пен қиялды дамыту;
- сезімдік ортаның дамуы мен кеңейуі;
- ұжымдық сана-сезімнің дамуы;
- эстетикалық қажеттіліктердің дамуы;
- психологиялық тонустың жақсаруы.

**Жалпы, қорытындылай келе айтпағымыз:** Музыканың ізгі әсерін оқушыларға сезіндіру үшін оларды музыканы сүйе білуге, түсінуге үйрете отырып, музыкалық қажеттіліктерін қалыптастыру керек. Ал ол үшін мынадай педагогикалық шарттар орындалуы тиіс:

- оқушыларға сыныпта және сыныптан тыс жағдайларда музыкамен мүмкіндігінше көбірек қарым-қатынас жасауға жағдайлар жасау керек;
- оқушының музыкаға деген эмоциялық жауап беру әсерін жан-жақты дамыту қажет;
- оларды музыка өнерінің ырғақтық (интонация) табиғатын түсінуге және музыканың мазмұндық мәнін таба білуге үйрету керек;
- бұрыннан таныс халықтық және классикалық үлгідегі музыкалармен қатар әр түрлі шығармашылық бағыттар мен стиль, мектептердің музыкаларын қалыптастыра отырып оқушылардың музыкалық есту қаблеті қорын

мақсатты түрде және біртіндеп кеңейтіп дамыту қажет;

- «дәрекілікке қарсы иммунитетті» (Д.Б.Кабалевский) күшейту мақсатында оқушыларға әр түрлі бағыттағы қазіргі попмузыкаларды ең үздік туындыларымен таныстыру керек;

- оқушылардың музыкалық білім алуын кеңейтіп және сол алған білімдерін әр түрлі музыкалық шығармашылыққа қолдана білуіне ықпал ету керек;

- музыкалық сабақтарда әр оқушының музыкамен тілдескендей күй кешіп, оның мәні-мағынасына жете үңіліп шығармашылық шаттыққа бөленуіне жағдай жасау қажет;

- әр мұғалім өзінің жұмыс жоспарын музыка балалармен күнделікті өмірде бірге жасасып, тіршіліктің ажырамас бір бөлігіндей қажеттілік тудыратын жағдайда құруы керек.

1. Абдуллин Э.Б. Теория и методика преподавания музыки//Музыкальное обозрение: Методолого-методическая подготовка учителя музыки. – (Сер «Педагогический университет»). – М., 2000.

2. Анисимов П.В. Методика преподавания музыки: проблемы становления профессионального стиля // Методолого-методическая подготовка учителя музыки: Материалы VII международной научно-практической конфе-

ренции / Отв. Ред. Э.Б.Абдуллин, Е.В.Николаева. – М., 2002.

3. Безбородова Л.А., Алиев Ю.Б. Методика преподавания музыки в общеобразовательных учреждениях. – М., 2002.

4. Кабалевский Д.Б. Основные принципы и методы программы по музыке для общеобразовательной школы // Программно-методические материалы. Музыка. Начальная школа. – М., 2001.

5. Красильников И.М. Интонационная концепция музыкальности и модель дополнительного музыкального образования // Искусство в школе. – 2000. - №1.

6. Красильников М.С., Критская Е.Д. Методы музыкального образования // Музыкальное образование в школе: Учеб. пособие / Под ред. Л.В.Школяра. – М., 2001.

7. Медушевский В.В. Духовно-нравственное воспитание средствами музыки // Преподаватель (Спецвыпуск «Музыкант-педагог»). – 2001. - № 6.

8. Музыкальное образование в школе: Учеб. пособие / Под ред. Л.В.Школяра. – М., 2001.

9. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки: Учеб. пособие / Под ред. Э.Б.Абдуллина. – М., 1998. Надирова Л.Л. Струны общности: теоретические основы развития эпатии у студентов музыкально-педагогических факультетов: монография. – Владимир, 1999.

\*\*\*

Использование материалов музыкального искусства в процессе обучения.

\*\*\*

Use of music art materials in the teaching process.

*Н. Дүкенбай*

## МУЗЫКАЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазіргі уақытта философиялық және әлеуметтану–психологиялық ізденістер көрсетеді, қандай да болсын кәсіби іс-әрекетінде (рухани не материалдық) әр қашанда объективті-субъективті сипаты көрінеді, сол кезеңінде ол тұлғаның диалектикалық (іс-әрекет субъектісі) байланысы объектілік қызметінде (пәнімен, процесімен, құбылысымен) ұштасады. Осы ерекшеліктер кәсіби (пәннің) әрекетіне ықпал етеді. Ал, психологиялық және басқадай тұлғалық ерекшеліктер қайталанбайтын жекеше (субъективтік - тұлғалық) сипатының мазмұны.

Қазіргі уақытта мамандар түрлі ғылым және көркемдік салада өз көңілдерін субъективті-тұлғалық аспектісінің рөлін анықтап, оның уәжділік, мазмұндылық және іс-әрекетінің про-

цесс жағына, оның қорытынды нәтижесіне аударады.

Сондықтан объективтік және субъективтік диалектикасы тұлғаның өнермен байланысында көрініп, ал белсенді - тұлғалық әлемді көркемдік түсіну сол өнердің негізін салушы принцип деп атаймыз. Б.А.Покровскийдің айтуынша: «Автордың интонациялық бейнесін табу және түсіну емес, өзіндік актерлық шеберлігін табу».

Осы принципті қарастырған кезде **ҒЫЛЫМ мен көркемдік бірлігі** мәселесі туады. Мысалы, музыкалық – педагогикалық мәселені әдіснамалық талдау барысында нақты педагог – музыканттың, нақты шарт бойынша жұмысында және нақты кәсіби деңгейінің дамуында өзі орындайды. Бұл кезде педагог-музыканттың